

КОМПАНИЯ СОҒҒЫ ЖЫЛДАРЫ ЖАЛАҚЫ ДЕҢГЕЙІН КӨТЕРУ БОЙЫНША АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖҰМЫС ЖҮРГІЗДІ. МӘСЕЛЕН, СОҒҒЫ БЕС ЖЫЛДА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ТАБЫСЫ 2,7 ЕСЕГЕ, ОНЫҢ ІШІНДЕ 2025 ЖЫЛЫ – 7% ӨСТІ, СОНДАЙ-АҚ ЕҢБЕК СІҢІРГЕН ЖЫЛДАРЫ ҮШІН БІРЖОЛҒЫ ТӨЛЕМДЕР ЕНГІЗІЛІП ОТЫР. КОМПАНИЯДА 10 ЖӘНЕ ОДАН ДА КӨП ЖЫЛ ЖҰМЫС ІСТЕГЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР 100 МЫҢ ТЕҢГЕ, 20 ЖӘНЕ ОДАН ДА КӨП ЖЫЛ – 200 МЫҢ ТЕҢГЕ, 30 ЖӘНЕ ОДАН ДА КӨП ЖЫЛ ЖҰМЫС ІСТЕГЕНДЕР 300 МЫҢ ТЕҢГЕ МӨЛШЕРІНДЕ БІРЖОЛҒЫ АҚШАЛАЙ СЫАҚЫ АЛАДЫ. БҰЛ ТӨЛЕМДЕР ЖЫЛ САЙЫН ЖҮРГІЗІЛЕТІН БОЛАДЫ.

Әсел АҚТАУ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің
аға HR бизнес-серіктесі



№16 (3055)
04/03/2025

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНСКО-АЗЕРБАЙДЖАНСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА

В рамках официального визита в Баку Премьер-министра Олжаса Бектенова принял Президент Азербайджанской Республики Ильхам Алиев. В ходе межправительственных переговоров с Премьер-министром Азербайджанской Республики Али Асадовым обсуждены вопросы взаимодействия в транспортно-логистической отрасли, торгово-экономического сотрудничества, развития культурно-гуманитарных связей.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

Отмечено, что благодаря доверительным отношениям глав двух государств казахстанско-азербайджанское сотрудничество выведено на новый качественный уровень партнерства.

В 2024 году товарооборот между двумя странами составил 533 миллиона долларов. Казахстан готов нарастить поставки 130 видов несырьевых товаров в Азербайджан на сумму свыше 340 миллионов долларов.

Особое внимание уделено взаимодействию в транспортно-логистической сфере. За прошлый год объем перевозок грузов по маршруту Транскаспийского международного транспортного маршрута вырос на 62% и достиг 4,5 миллиона тонн. Между железными дорогами Казахстана и Азербайджана завершена интеграция платформ Digital Trade Corridor.

Стороны подтвердили намерение приложить все усилия для поднятия двустороннего товарооборота на более высокий уровень.

По итогам встреч подписан ряд двусторонних



документов. Среди них документ по проектированию и строительству подводной волоконно-оптической линии связи по маршруту Казахстан – Азербайджан. Проект имеет стра-

тегическое значение для повышения качества и надежности связи, расширения передачи данных между Азией и Европой.

Фото с сайта Primeminister.kz

ЖАҢА СЕРВИС ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ еншілес ұйымы – «KTZ Express» АҚ China Railway Container Transport Co., Ltd. (CRCT) бірлесіп, Қытай мен Еуропа арасындағы тағы бір бағытты ашатын жаңа контейнерлік қызметті іске қосты.



Чэнду қаласынан (ҚХР) Лодзь қаласына (Польша) теледидар компоненттері тиелген алғашқы контейнерлік пойыз жолға шықты. Пойыз Қазақстан, Түрікменстан, Иран және Түркия арқылы өтетін жолды еңсереді. Маршрут жүктердің үздіксіз жеткізілуін және елдер арасындағы тиімді байланысты қамтамасыз етеді. Пойыздың жол үстіндегі уақыты 52-60 күнді құрайды.

Бұл маршрут өңірдің көлік мүмкіндіктерін кеңейтіп қана қоймай, халықаралық логистиканы одан да икемді, жылдам әрі сенімді етеді. Сервистің іске қосылуы Қазақстанның негізгі транзиттік хаб ретіндегі стратегиялық рөлін растап отыр. Сондай-ақ оның әлемдік жүк тасымалы картасындағы позициясын күшейте түседі.

Ислам ТАЛІФАТ



Руслан ДАВЛЕТОВ

главный региональный ревизор
департамента безопасности
движения АО «НК «ҚТЖ» на
Уральском участке:



В ТЕЧЕНИЕ 2024 ГОДА РЕВИЗОРСКИМ АППАРАТОМ ПРОВЕДЕНО 649 ПРОВЕРОК, ЧТО НА 27 ПРОВЕРОК МЕНЬШЕ ПРЕДЫДУЩЕГО ГОДА. В ИХ ЧИСЛЕ 253 ВНЕЗАПНЫЕ, 354 ЦЕЛЕВЫЕ И 42 НОЧНЫЕ ПРОВЕРКИ. ВЫЯВЛЕНО 6 392 НАРУШЕНИЯ. ВО ВРЕМЯ ПРОВЕРОК МЫ ПРЕДЛАГАЕМ ДЕТАЛЬНО РАССМОТРЕТЬ СОСТОЯНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ ВО ВСЕХ ХОЗЯЙСТВАХ, А ПО РЕЗУЛЬТАТАМ РАЗРАБОТАТЬ, УТВЕРДИТЬ И РЕАЛИЗОВАТЬ КОРРЕКТИРУЮЩИЕ МЕРЫ, НАПРАВЛЕННЫЕ НА ПРЕДОТВРАЩЕНИЕ ИЛИ МИНИМИЗАЦИЮ РИСКОВ НАРУШЕНИЙ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ



ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

В ЭТОМ ГОДУ В КАЗАХСТАН БУДУТ ПОСТАВЛЕНЫ ПЕРВЫЕ

90 ед.

МАГИСТРАЛЬНЫХ И
МАНЕВРОВЫХ ТЕПЛОВЗОВ.

БОЛЕЕ

58 тыс.

ДОПОЛНИТЕЛЬНЫХ МЕСТ
НА ПЕРЕВОЗЧИК ПРЕДОСТАВИТ
НА МАРТОВСКИЕ ПРАЗДНИКИ.

СВЫШЕ

1 100

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ
КЫЗЫЛОРДИНСКОГО
РЕГИОНА ПРОШЛО ОБУЧЕНИЕ
ПО КУРСУ «КУЛЬТУРА
БЕЗОПАСНОСТИ ТРУДА».

Инфрақұрылым

1,5 МЫҢ ШАҚЫРЫМ ЖОЛ САУЫҚТЫРЫЛАДЫ

Теміржол тасымалына деген сұраныстың артуы қазіргі инфрақұрылымды одан әрі жаңғыртуды талап етуде. Ал теміржол желісінің өткізу қабілетін дамыту пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға, олардың жылдамдығын ұлғайтуға, қызмет көрсету сапасын жақсартуға және салаға заманауи технологияларды енгізуге ықпал етеді.



Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Осы мақсатта бүгін ұлттық компанияда тиісті жоспарлар қабылданып, іске асырылуда, сондай-ақ ірі инфрақұрылымдық жобалар шеңберінде жұмыстар жүргізілуде. Мәселен, биыл еліміз бойынша 1480 км жол сауықтырылып, соның ішінде 512 км жолға күрделі жөндеу жүргізілмек. Жөндеу жұмыстары көбінесе пойыздардың қозғалысы қарқынды негізгі теміржол учаскелерінде жүргізілетін болады. Көктемнің келуімен наурыз айында Бейнеу – Маңғыстау, Жамбыл – Түлікбас, Шу – Алматы және Мақат – Ақсарай учаскелерінде жөндеу жұмыстарын бастау жоспарланған. Қазіргі уақытта жұмысты бастау үшін барлық учаскелер жолдың

жоғарғы құрылымының материалдарымен, атап айтқанда қиыршық тас, бекітпесі бар шпалдар және т.б. қамтамасыз етілуде. Атап өтерлігі, жұмыстардың басым бөлігі жол дистанцияларының өз күштерімен, яғни шаруашылық тәсілмен жүргізіледі. Осыған ұқсас жұмысты мердігерлік ұйымдар компаниямен жасасқан келісімшарттар шеңберінде өткізетін болады.

«Біз жолдарға жүргізілетін жөндеу жұмыстарының көлемін мүмкіндігінше жылдан жылға арттырып келеміз. Былтыр жоспар бойынша 1401 км жол жөндеуі тиіс болса, нақты орындалған жұмыс көлемі 1430 шақырымды құрап, жеке 102%-дан асып жығылды, соның ішінде 570 км жолға күрделі жөндеу жүргізілді. Мобильдік-диагностикалық кешендердің бағамына сүйенсек,

2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылдың қорытындысы бойынша жүргізілген жөндеу жұмыстары мен ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер кешенінде жолдың жағдайы жақсарды. Яғни жолдың балдық бағасы 3%-ға жақсарып, 3 және 4 дәрежелі ақаулар 19%-ға, қанағаттанарлықсыз километрлер 9% және қозғалыс үшін жолды жабу 22%-ға төмендеді. Сондай-ақ «Тальго» вагондары бар жолаушылар пойыздары үшін қозғалыс жылдамдығы тиісінше 413 км-ге, жолаушылар пойыздары – 605 км, жүк және контейнерлік пойыздар үшін тиісінше 406 және 507 шақырымдарға артты», – дейді «ҚТЖ» ҰК» АҚ филиалы – Магистральдық желі дирекциясының директоры Сәкен Рахметов.

(Жалғасы 2-бетте)

ИННОВАЦИИ ДЛЯ ИЗУЧЕНИЯ КАЗАК ТІЛІ

IT-продукты для изучения и развития казахского языка презентовали работникам структурных подразделений и дочерних организаций АО «НК «ҚТЖ».



Любовь РОВБА,
Астана

Мероприятие собралось в здании центрального аппарата компании в Астане около 300 железнодорожников. Для работников предприятий и филиалов регионального уровня велась онлайн-трансляция на YouTube. За ней следили более 500 человек, а запись эфира только за первые сутки посмотрели свыше трех тысяч пользователей.

Спикерами выступили начальник управления Комитета языковой политики Министерства науки и высшего образования РК Каиржан Рахимжанов, представители национального научно-практического центра имени Ш. Шаяхметова «Тіл-Қазына» и Фонда развития государственного языка.

Приветствуя участников, руководитель сектора развития государственного языка АО «НК «ҚТЖ» Ербол Токтагазы отметил, что структурные подразделения и дочерние

организации компании реализуют концепцию развития языковой политики в РК на 2023-2029 годы. Так, планируется оказать практическую помощь по ведению документов на казахском языке и соблюдению требований законодательства о языке.

– Государственный язык становится языком современной науки и технологий. С помощью искусственного интеллекта созданы IT-программы и продукты, которые помогают изучать казахский язык и качественно готовить документы на государственном языке, осваивать богатство казахского языка, – подчеркнул Ербол Токтагазы. – Этими IT-продуктами пользуются и народы мира, проявляющие особый интерес к изучению казахского языка.

Генеральный директор национального научно-практического центра «Тіл-Қазына» Макпал Жумабай рассказал о основной миссии центра, реализуемых проектах и

возможностях применения в деятельности национального перевозчика.

– Мы национальный оператор по терминологии, занимаемся развитием искусственного интеллекта на казахском языке и методическим сопровождением государственного языка. Прделана большая работа. У нас 14 платформ по изучению казахского языка и около 20 проектов. Пользователями наших продуктов на сегодняшний день стали более четырех миллионов человек, – сообщила Макпал Жумабай. Она отметила, что встреча с работниками ҚТЖ может положить начало плодотворному сотрудничеству.

Совместно с ҚТЖ мы можем разрабатывать отраслевые терминологические справочники, голосовые помощники и другие необходимые компании продукты, – сообщила Макпал Жумабай. Ее коллеги – глава центра управления проектами



ми «Тіл-Қазына» Сандугаш Баймаханова, заведующая отделом терминологии Дана Оспанова и руководитель проекта «Қазграмм» Тимур Бектур подробнее рассказали о разработанных центром IT-продуктах. Руководитель Института Абая Ляйля Демесинова поделилась новыми возможностями в изучении казахского языка.

Директор Фонда развития государственного языка Азат Шайеев рассказал об обучающей платформе Soyle.kz, объединившей более 300 тысяч пользователей по всему миру, спикинг-клубе SoyleTalk, информационно-справочном портале Resmihat, игре «Тәтті алма» и других проектах. Он подчеркнул, что все свои проекты фонд реализует за счет

спонсорской помощи. В завершение встречи руководитель аппарата АО «НК «ҚТЖ» Серик Кеулимаев вручил руководителем научно-практического центра «Тіл-Қазына» и Фонда развития государственного языка благодарственные письма за вклад в развитие казахского языка и разработку IT-программ.

Фото
Александра ЖАБЧУКА

НАМЕТИЛИ ПЛАНЫ



В Астане состоялось расширенное заседание коллегии Министерства транспорта Казахстана. В ходе мероприятия подведены итоги работы транспортного ведомства за прошлый год и обозначены планы на 2025 год.



– В сфере железнодорожного транспорта рост перевозок грузов составил 2%, или 303 миллиона тонн (2023-й – 297,4 миллиона, 2025-й – 310). Это исторический максимум. Железнодорожным транспортом перевезен 21 миллион пассажиров с ростом на 4%. В прошлом году приобретено 185 локомотивов, две тысячи 350 грузовых и 143 пассажирских вагонов. Объем перевозок морским транспортом составил 7,5 миллиона тонн, рост – на 4%. В прошлом году мы полностью перевели в электронный формат бланки разрешений с Китаем и Узбекистаном. В результате количество рейсов с Узбекистаном за последние два года увеличилось с 6 до 36 тысяч, с Китаем – с 50 до 230 тысяч, – проинформировал министр транспорта Марат Карабаев.

Кроме того, в своем выступлении министр подробно рассказал о планах на 2025 год. Так, завершится строительство железных дорог Достык – Мойынты и обводная города Алматы, начнется строительство объекта Кызылжар – Мойынты. В текущем году ремонт и реконструкцией охватят 54 железнодорожных вокзала. Будет завершено строительство контейнерного хаба в порту Актау мощностью 250 тысяч контейнеров и будут проведены дноуглубительные работы. В процессе использования электронных бланков человеческого фактор и соответственно коррупционные риски исключены полностью. Уже сегодня проводится работа по переходу на электронные бланки с Организацией турецких государств (Турция, Азербайджан, Кыргызстан) и Прибалтикой (Россия, Латвия, Литва).

Подводя итоги заседания, заместитель Премьер-министра РК Роман Скляр дал ряд конкретных поручений по дальнейшему совершенствованию работы по развитию транспортно-логистической сферы страны.

Айлин БАУРЖАН
Фото автора

ЖҮК КӨЛІГІНЕ СОҚТЫҒЫСТЫ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



ОҚЫС ОҚИҒА

1 наурыз күні таңертеңгі сағат 10.05-те Атырау – Мақат участо-гі, Теңдік – рзд 496 аралығында Махамбет станциясынан Теңдік станциясына қарай бір құрама бос вагондар тіркеп келе жатқан 2ТЭ10МК №0689 жүк пойызы өткелде шебін тиеген Камаз жүк көлігіне соқтығысып, оқыс оқиға орын алды.



Атырау магистральдық желі бөлімшесінің бастығы Аралбай Қосымбаевтың айтуынша, 507-шақырымдағы реттелетін өткелде бағдаршам жанып, белгі беріп тұрғанына қарамастан жол ережесін ерескел бұзып, «тоқта» белгісіне назар аудармай өтіп кетем деген жүк көлігі үлгере алмай, жылдамдықпен келе жатқан пойызбен соқтығысқан. Нәтижесінде 11 вагон және тепловоз рельстен шығып кетіп, оның ішінде жеті вагон аударылған. 200 метр жол мен рельстер зақымданып, жол жарамсыз боп қалған. Тепловоз машинисі мен оның көмекшісі және дублер ауыр соққыдан дене жарақатын алып, шұғыл түрде облыстық ауруханаға жеткізілген. Дәрігерлер оларды бақылауда ұстап отыр, жағдайлары тұрақты, бірақ ауыр. Ал жүк көлігінің жүргізушісі аман-есен.

Өткелде болған оқиға орнына жедел түрде Атырау қалпына келтіру пойызы, 6 автомобиль техникасы және құтқарушылар жетті. Темір жолға қарасты құрылымдық бөлімшелер мамандары да апат орнын қалпына келтіру жұмыстарына кірісті. Біраз уақыттан соң Мақат қалпына келтіру пойызы да жетіп, жұмыс қыза түсті. Темір жол бойында апат орын алуына байланысты 6 жолаушылар пойызы: №313 «Атырау-Маңғыстау», №314 «Маңғыстау-Атырау», №42 «Алматы-Атырау», №41 «Атырау-Алматы», №123 «Волгоград-Ташкент», №691 «Атырау-Ақтөбе» пойыздары жүру уақытынан кешікті. Атырау қаласы әкімдігі жолда қалған жолаушыларды Атырау станциясынан Қарабатан станциясына және кері қарай тасымалдау үшін автобустар қатынасын ұйымдастырды. Жолаушылар ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

– Теңдік станциясы маңындағы өткелде орын алған апатты қалпына келтіру жұмыстары түнгі 10-да толықтай қалпына келтірілді. Жолдан шығып кеткен локомотив пен вагондар орнына қойылып, 200 метр жолды жөндеп, рельстерді қайта қою жұмыстары да талапқа сай жүргізілді. Содан соң кешіккен барлық жолаушылар пойызына жол ашылды. Айта кетерлігі, оқиға орнында 12 сағат бойына апатты қалпына келтіруге қатысты барлық құрылымдар жедел түрде әрекет етті. Атырау және Мақат қалпына келтіру пойыздары, 6 автокөлік техникасы, 200-ге тарта теміржолшылар уақытпен, ауа райының суықтығымен санаспай тер төге еңбек ете білді, – дейді А.Қосымбаев.

Суретті түсірген автор

БРИГАДАНЫҢ БІР КҮНІ



ЖОЛ
ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент

Бүгін де станция аумағындағы паркте орналасқан табельдік кабинетке жиналған 4-ші учаске, 13-ші айналым құрамында еңбек ететін жолшылар ұжымы әдеттегідей мақсатты нұсқаулықтан өтті. Темірбек Құралбайұлы тапсырмадан бұрын қауіпсіздік мәселесіне ден қоюды мұқият түсіндірді. Содан соң әрбір бригада өздеріне тиесілі учаскелерге аттанды. Жол жөндеушілердің жүріп-тұруы пойыз бағытына қарама-қарсы жүру қағидасы қатаң сақталуы тиіс...

Жалпы, Темірбектің теміржол саласында тер төгіп келе жатқанына 4 жылдан асқанымен, ол осы 13-айналымда жол шебері лауазымын соңғы 3 айдан бері атқарады.

– Бүгін біздің учаскемізден Таразға қарай МДК (мобильді диагностикалық кешен) машинасы жүріп өтеді. Бұл жөнінде тапсырма апта бұрын түскендіктен, күннің жексенбісіне қарамай жұмысқа екі бригаданы шығардық. Олар станция паркінен бастап 3293 шақырымдағы перегонға дейінгі аралықтағы учаскенің тақ жолын тексеріп шығуы тиіс, – дейді ол.

Негізінде қазіргі кезде заманауи технология кенінен қолданысқа енгенімен, оның өзі адам еңбегін

Шымкент жол дистанциясының жол шебері Темірбек Шпеков қарамағында 22 жолшымен бірге станция аумағындағы бас-аяғы 12 шақырымдық жұп-тақ жолмен оның бойындағы 49 бағыттағыш бұрманы күтіп-баптап келеді.



қажет ететіні сөзсіз. Сондықтан да қос рельстің жай-күйін маман көзімен тексеру үшін жол шеберлері осылай жаяу аралайды.

МДК пойызының жүріп өтуі алдын ала жоспарланып бекітілетіндіктен оған дайындық шаралары ерте бастан-ақ пысықталады. Тіпті арнайы ауысымдық кезекшілік те ұйымдастырылады. Сондықтан да Темірбектің жұмысқа жұмылдырылған қос бригадасының бірі

– Жұмабай Ермек бастаған 3 жол шеберінің тобы. Олар 3290 мен 3292 шақырым аралығындағы пикеттің тақ жолын мұқият тексерістен өткізді. Бұл бригаданың осы жолғы міндеті мынадай: рельс астындағы темірбетонды шпалға салмақ түскенде оның кейбірі жоғары-төмен ойнайтыны бар. Мұндай қозғалыс әсерінен

қиыршық тас топыраққа сіңіп, лайға айналып, бетіне шығады. Соның салдарынан рельстің бір деңгейлі биіктігі сақталмай, вагон толқындана қозғалады. Нәтижесінде вагон теңселіп, құлау қаупі күшейеді.

– Біздің басты мақсатымыз – шалшық су шашырап, лайы шыққан мандағы қос рельстің биіктік деңгейі мен арақашықтығын өлшеп, талапқа сәйкестендіру. Мұны біз көзбен көріп, механикалық құралдар көмегімен қалыпқа келтіреміз, – дейді Жұмабай Сапаралұлы шаблон-өлшеуішін рельс үстіне қойып жатып.

Осы қызметте 22 жылдық тәжірибелі маманның түсіндіруінше, бұл ауытқудың 1-ші деңгейіне жатады. Мұны мықты әрі озық технологиялы дейтін

1,5 МЫҢ ШАҚЫРЫМ ЖОЛ САУЫҚТЫРЫЛАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Оның айтуынша, Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық инфрақұрылымдық жоспарына сәйкес инфрақұрылымның бірқатар «тар жерлерін» жаңғырту жоспарлануда екен. Жоспар теміржол инфрақұрылымын дамыту мәселелерінде басшылық құжат болып, оған сәйкес Достық – Мойынты учаскесінде екінші жолдардың, Алматы станциясының теміржол торабын айналып өтетін айналма теміржол желісінің, сондай-ақ Дарбаза – Мақтаарал және Бақты – Аягөз теміржол желілерінің құрылысы іске асырылуда. Бұл жобалар шекара маңындағы учаскелерде инфрақұрылым қуатын арттыруға бағытталған. Мәселен, 2024 жыл транзиттік және экспорттық жүктерді тасымалдау көлемінің ұлғаюының орасан зор әлеуеті бар екенін

көрсетті, атап айтқанда 2020 жылғы 287 375 мың тоннадан 2024 жылы 303 201 мың тоннаға дейін немесе 106%-ға дейін өсу байқалады.

«Теміржол инфрақұрылымын дамытудың озық қарқынын қамтамасыз ету үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ барлық инфрақұрылымдық шектеулері бар және Теміржол инфрақұрылымының өткізу қабілетін дамыту бойынша тиісті бағдарлама әзірленді. Биыл Үкіметтің кеңейтілген отырысында ел Президенті айтқан көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі міндетке сәйкес, Достық станциясынан басталатын және Орталық Қазақстан арқылы Ақтау теңіз портына дейін өтетін трансқазақстандық теміржол дәлізін дамытудың мегажобасын іске асыру жөнінде шаралар қабылданып болады», – дейді дирекция басшысы.

Осы жылдың көктемінде Мойынты – Қызылжар теміржол желісінің құрылысы басталады деп күтілуде. Бұл құрылыс маршрут бойынша тарифтік қашықтықты 100 шақырымнан астам жолға қысқартуға мүмкіндік береді. Өткізу қабілетін арттырумен қатар, бұл Достық станциясынан Ақтау портына және салынып жатқан басқа да көлік хабтарына дейінгі инновациялық екі деңгейлі контейнерлік пойыздардың іске қосылуын қамтамасыз етпек. Сонымен қатар Достық – Ақтоғай учаскесінде, атап айтқанда Көктұма – Разъезд 19 учаскесінде жел жүктемесіне байланысты маусымдық шығындарды алып тастау үшін жапондық компаниямен бірлесіп үздіксіз тасымалдауды қамтамасыз ету үшін онтайлы инновациялық жобалық шешімдер зерттелуде.

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ САҚТАЛУЫ – БАСТЫ ҚАҒИДА



КУРС

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Қызылорда локомотив пайдалану депосының мәжіліс залында 28 ақпан күні өткен курсқа станциядағы салалық мекемелердің басшылары, еңбек қорғау мен қауіпсіздікке жауапты мамандар, теміржолшылар қатысты.

Бұған дейін аймақтағы тораптық станциялар теміржолшылармен өткізілген курста тренерлердің тәлімді мағлұматтары, тыңдаушылар назарына ұсынылған бейнематериалдар, өздері бастарынан өткізген қауіпті жағдайдың оқиға кейіпкерінің өз аузынан айтылуы жүрек толқытатын әсерде болды. Мұның бәрі теміржолдың аса қауіпті аймақ екенін тағы бір еске салып, еңбек қауіпсіздігі мәдениетін сақтауға шақыру болса керек.

Курста алғашқы болып сөз алған Қызылорда ЖТ бөлімшесінің Қауіпсіздік және еңбек қорғау, экология бөлімінің басшысы Ғалия Көпжасарова: «Теміржол саласында еңбек қауіпсіздігі мәдениетін сақтау – әр қызметкердің өмірі мен денсаулығын қорғаудың басты шарты. Бұл қарапайым ережелер мен талаптар емес, әр адамның амандығына

әсер ететін маңызды қағидалар екенін ескеру қажет» деп.

Бас менеджер Бибігүл Надибекова өз сөзін қауіпсіздік мәдениетін сақтаудан бастап, курс мақсаты теміржолшылардың еңбек қауіпсіздігіне деген жауапкершілігін арттыру арқылы қауіпсіз жұмыс ортасын қалыптастыру екеніне тоқталды.

Баяндамашылардың сөзінен кейін бейнероликтер, қауіпсіздік жайлы мағлұматтар беріліп, жан-жақты түсіндірілді. Компанияда алдыңғы жылы және былтыр орын алған өндірістік жарақат алу жағдайлары талданды.

ЦБТ менеджері Ақназар Мүтәліпов пен Ақтөбе НЖС тренері Шеге Зейнекен қатысушыларға еңбек қауіпсіздігі мәдениетінің маңыздылығын түсіндіріп, оны жетілдіру жолдары туралы жан-жақты ақпарат берді. Еңбек қауіпсіздігіне байланысты түрлі тәуекелдерді басқару, оқыс оқиғалардың алдын алу, қауіпсіз жұмыс дағдыларын қалыптастыру және ұжымдық жауапкершілік мәселелерін талқылап, өз бастарынан өткен қауіпті оқиғаларды әңгімелеп берді.

Ақназар Мүтәліповтің пайымынша, қауіпсіздік – әркімнің жауапкершілігі, әрине ол ең алдымен басшыдан басталу қажет, дегенмен жол жөндеуші немесе



электромонтер жұмыс кезінде салғырттық танытса, оның әрекеті бүкіл жұмыс процесіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Мұндай жағдайды байқаған басшы оның әрекетін дереу түзеп, бригада алдында қатаң ескерту жасайды. Өйткені жұмыстың орындалуы мен сапасы бірінші орында тұрады. Алайда, сол жұмысшы жеке қорғаныс құралдарын; көзділдірікті, қасқаны, арнайы киімді кимесе ше? Бұл кезде көп жағдайда басшылар үндемейді. Себебі бастысы, жұмыс уақытылы бітсе болды. Бұл көзқарас – еңбек қауіпсіздігін сақтауға салғырт қараудың айқын көрінісі. Жұмыс процесін қауіпсіз жүргізу – тек жұмысшылардың емес, ең алдымен басшылардың міндеті. Егер басшылардың өздері қауіпсіздік ережелерін сақтамаса немесе оған аса мән бермесе, онда қарапайым жұмысшылардан да оны талап ету қиынға соғатынын білдірді.

– Еңбек қауіпсіздігі, бұл жай ғана ережелер жиынтығы емес, бұл мәдениет. Оны ұжымда қалыптастыру үшін бірінші кезекте басшылар үлгі көрсетуі қажет. Егер басшы каска кимесе, қауіпсіздік

белдігін тақпаса немесе ережелерді елемесе, жұмысшылар да солай істейді. Көптеген өндірістік апаттар дәл осы салғырттықтың салдарынан орын алады. Қауіпсіздік техникасын сақтамау тек бір адамға емес, бүкіл ұжымға қауіп төндіретіндіктен басшылардың өздері қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы қажет. Қорғаныс құралдарын қолдану жұмыс мәдениетінің бір бөлігіне айналуы тиіс. Қауіпсіздік ережелерін бұзғандарды тек сөгіспен шектемей, нақты шаралар қолдану керек, – дейді Ақназар Мүтәліпов.

Теміржолдағы еңбек қауіпсіздігі – адам өмірін сақтаудың негізгі шарттарының бірі. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жұмысшылар белгілі бір ережелерді сақтаумен қатар, түрлі жағдайларды талдап, алдын алу шараларын ұйымдастыруы қажет. Осы мақсатта теміржолшыларға арналған қауіпсіздік диалогының 5 негізгі түрі қолданылатыны да тренерлер тарапынан бейнероликтер арқылы себеп-салдарымен, егжей-тегжейлі түсіндірілді.

Қауіпсіздік диалогы теміржолшыларға өздерінің жұмыс ортасында

кездесетін қауіптерді талдап, сараптауға, алдын алу шараларын тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Ең бастысы қауіпсіздікке немқұрайлы қарамау, ережелерді қатаң сақтау және әріптестердің амандығын қамтамасыз ету – әрбір теміржолшының кәсіби міндеті.

Жұмыс орнындағы қауіпсіздік ережелерін сақтау – әрбір қызметкердің міндеті. Бірақ оларды жаттау, тыңдау немесе үнемі есте сақтау кейде қиын әрі қызықсыз көрінуі мүмкін. Бір сәттік жайлылық үшін ережені бұзу бүкіл өміріңе әсер ететін қателікке ұрындыруы мүмкін. Кейде жұмыс барысында қауіпсіздік ережелерін елемей, тез аяқтауға тырысатындар болады. Бірақ мұндай салғырттықтың салдары қайғылы оқиғаларға алып келуі мүмкін. Алайда ішкі тренер Ақназардың курсты қорытындылай келе айтқан салмақты сөзі тыңдаушыларды терең ойға қалдырды:

– Қауіпсіздік ережелерін оқу, тыңдау немесе есте сақтау қиын болуы мүмкін. Бірақ оларды сақтап жұмыс істеу қиын емес. Ал бір қол, бір аяқсыз немесе бір көзсіз өмір сүру шын мәнінде қиын. Қауіпсіздік ережелерін сақтайық, қауіпсіз жұмыс жасайық! Қауіпсіздік – амандығымыздың кепілі. Өзім жарақаттың қаншалықты ауыр болатынын жақсы білемін. Бірақ ең бастысы енді мұндай жағдай ешкімнің басына түспеуі керек. Сондықтан мен әріптестерімді барынша қауіпсіз жұмыс істеуге шақырамын, – дейді ол.

Бір күнге созылған «Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті» курсын тыңдаушылар қауіпсіздік таңдауға емес, міндетке айналуы керектігін ұғынды. Қауіпсіздік ережелерін сақтау, өз өмірін және әріптестіңді қорғау қажеттігіне көз жеткізіп, ереже талаптарын орындау қиын емес, оның салдарын көтеру әлдеқайда қиын болатындығын, әрбір қызметкер қауіпсіздікті өзінен бастауы керектігін түсіну дәрісі болды.

Суретті түсірген автор

ВАЖНОСТЬ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ



Эффективная работа ревизорского аппарата Алматинского участка является важным фактором стабильной и безопасной деятельности железнодорожного транспорта. С начала текущего года отраслевыми ревизорами было проведено 136 проверок, где выявлено 129 нарушений.



Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Приостановлено от эксплуатации 13 локомотивов, 26 грузовых вагонов. Кроме того, закрыто 9 станционных путей, 13 стрелочных переводов, выдано 42 ограничения скорости, 19 замечаний зафиксированы в книге РВУ-8 против 23 периода прошлого года.

Сотрудники ревизорского аппарата проводят регулярные проверки технического состо-

яния вагонов, локомотивов и путевого хозяйства. Пристальное внимание сосредоточено на соблюдении технологических процессов, профессиональной подготовки персонала и анализу потенциальных рисков. Кроме того, ревизоры активно участвуют в расследовании причин транспортных происшествий и разрабатывают рекомендации по их предотвращению. В целом постоянное совершенствование методов контроля и профилактики позволяют минимизиро-

вать угрозы и повышать общую безопасность движения поездов.

Главный региональный ревизор Мейрамбек Серикбаев подчеркнул, что в некоторых предприятиях отсутствует должный уровень профилактической работы. По его словам, своевременные меры по предупреждению возможных рисков являются важнейшей частью функционирования железнодорожного транспорта.

– Профилактика должна стать залогом стабильной работы. Однако проверки показали, что в некоторых предприятиях не уделяется должного внимания подготовительным мероприятиям. Необходимо усилить контроль, обеспечить регулярное проведение технических осмотров и своевременно устранять выявленные недостатки, – отметил ревизор.

Исходя из анализа, следует, что основными причинами нарушений по Алматинскому участку являются отсутствие

технологической дисциплины, а также недостаточный уровень профилактической работы. Масса вопросов всегда адресована хозяйству магистральной сети, в частности, по строительству и ремонту скотоизгородей на отдельных участках, в зоне внимания остаются и переезды, особенно где наблюдается большой поток людей и автотранспорта. Весьма тревожной остается ситуация по наездам на людей и скот. Проблематичными участками на сегодняшний день остаются Алматы – Сарыозек, Отар – Чилбастау, Жингелды – Казбек-Бек.

Особое внимание также требует совершенствование систем контроля технического состояния подвижного состава и инфраструктуры, технологий диагностики и профилактики неисправностей.

Мейрамбек Серикбаев подчеркнул важность взаимодействия между службами, оперативного обмена информацией и повышения ответственности за выполнения предупредительных мероприятий.

По его словам, комплексный подход к этим задачам позволит не только сохранить достигнутый уровень безопасности, но и вывести его на качественно новый уровень, что является важнейшей целью для работы железнодорожного транспорта.

Фото автора

в этом может возникнуть необходимость. А также взяли на контроль водохранилища, с помощью которых можно будет осуществлять спуск и пропуск воды, регулировать ее уровень поступления. Кроме этого, на всех наиболее опасных, уязвимых для подтоплений местах круглосуточно проводятся объезды, цель которых – отслеживание уровня таяния снега и последующего подъема воды.

Помимо этого, в Костанайском регионе также были сформированы семь противоразмывных поездов, имеющих в своем составе как крытые вагоны, так и открытые платформы. Поезда везут с собой песок для засыпки размытых мест, специальное снаряжение – бутовый камень, рельсовые пакеты, некондиционные шпалы – все, что необходимо для экстренного ремонта путей, перекрытия воды в случае прорыва. Все эти и другие меры, как подчеркнул Адильбек Касымгалиев, будут проводиться вплоть до окончания сезона водоборьбы.

